

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МКҚК №15 «Әлия» балабақшасы

Топ «Алақай» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.12	Сейсенбі 06.12	Сәрсенбі 07.12	Бейсенбі 08.12	Жұма 09.12
Балаларды қабылдау	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Дидактикалық ойын: «Жасырылған суреттерді тап» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр» Мақсаты: Балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту.	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу. Қимылды ойын: «Асық» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. «Мақта қыз бен мысық» ертегісі Мақсаты: Ертегімен таныстыру. Мазмұны бойынша түсіндіру. Көркем әдебиет	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	Сөйлеуді дамыту «Менің Отаным» өлең Мақсаты: Отан туралы түсінік беру.	Сурет салу «Гүлдене бер Қазақстан!» Мақсаты: Елін сүйуге тәрбиелеу. Балаларды отансүйгіштікке,	Қоршаған ортамен танысу «Менің Отаным- Қазақстан» Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін	Сурет салу «Қолғап» Мақсаты: Қолғап туралы түсінік беру. Қолғаппен таныстыру.	Құрастыру «Ою өрнектер» Мақсаты: Балаларға ою- өрнек туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Адамгершілікке тәрбиелеу.	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Сурет салу «Құмыра» Мақсаты: Құмыра туралы түсінік беру. Құмырамен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту «Алғашқы қар» Мақсаты: Қар туралы түсінік беру. Қардың күйімен таныстыру.	Жапсыру «Алма» Мақсаты: Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Қайшымен жұмыс.	Қоршаған ортамен таныстыру Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: жануарлардың көлеңкесін табу
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
2-ші таңғы ас X	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру. Көркем әдебиет «Әдептілік әлемі»	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау. Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға,	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу. Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: Ірі құрылыс	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. Танымдық ойын: «Досынды шақыр» Мақсаты: үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну.

	Мақсаты: Әдептілік жайында әңгімелеу. Мейірімділікке баулу		салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сенсорика	материалдарымен және конструктормен ойындар.	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 62 Көркем сөз: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.	№ 63 Көркем сөз: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.	№ 64 Дидактикалық ойын: «Қыста не киеміз?» Мақсаты: Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киімкою үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылды ойын: «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу. Қоршаған ортамен таныстыру Дене шынықтыру	№ 65 Такпак. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу- зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылды ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшандыққа баулу.	№ 66 Көркем сөз: Жел тынымсыз гүілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Такпак үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. Сенсорика Сөйлеуді дамыту

Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сенсорика Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру Қимылды ойын: «Қай қолымда көп» Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Сенсорика «Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	Құрастыру «Әдемі кілемшелер» Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	«Сықырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Жансая, Нұрбек	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аружан, Темірлан	«Сықырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Нұрперзент, Сымбат	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Аянат, Нұртуған	«Құстар фабрикасы» Мақсаты: Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. Айлин, Айнур.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі.	Бір-біріне шешінуге көмектесу.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Бір-біріне шешінуге көмектесу.	«Біз тышқанбыз» Мақсаты: Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				

Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.
-------------------------	---

Тексерілді:

Бөбекжай әдіскері:

Ү.Г.Нурмухамедова



«02.12» 2022ж